

**"Қазақстан Республикасы мен Поляк Республикасы арасындағы Консулдық конвенцияны ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 сәуірдегі N 238 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасы мен Поляк Республикасы арасындағы Консулдық конвенцияны ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

*Жоба*

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ**

**Қазақстан Республикасы мен Поляк Республикасы арасындағы Консулдық конвенцияны ратификациялау туралы**

1997 жылғы 27 қарашада Варшава қаласында жасалған Қазақстан Республикасы мен Поляк Республикасы арасындағы Консулдық конвенция ратификациялансын.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

**Қазақстан Республикасы мен Поляк Республикасы арасындағы  
КОНСУЛДЫҚ КОНВЕНЦИЯ**

Қазақстан Республикасы мен Поляк Республикасы,  
достықты нығайтуға және өзара тиімді ынтымақтастықты тереңдетуге ерік білдіре  
о т ы р ы п ,

екі мемлекет арасындағы консулдық қатынастарды реттеу және дамыту тілегін  
б а с ш ы л ы қ қ а а л а о т ы р ы п ,

1963 жылғы 24 сәуірдегі Венада қол қойылған Консулдық қатынастар жөніндегі  
Вена конвенциясының ережелері осы Конвенцияда егжей-тегжейлі көрініс таппаған  
мәселелерде қолданылатынын растай отырып,

осы Консулдық конвенцияны жасасуды ұйғарды және төмендегілер туралы  
уағдаласты:

**I б ө л і м**

**Анықтамалар**

**1-бап**

1. Осы Конвенцияда пайдаланылатын анықтамалардың төмендегідей мағыналары  
б а р :

а) "консулдық мекеме" - кез келген бас консулдықты, консулдықты, вице-консулдықты және консулдық агенттікті білдіреді;

б) "консулдық округ" - консулдық қызметті орындау үшін консулдық мекемеге бөлініп берілген ауданды білдіреді;

с) "консулдық мекеме басшысы" - осы сапада іс-әрекет жасау тапсырылған адамды білдіреді;

д) "консулдық лауазымды адам" - консулдық мекеменің басшысын қоса алғанда, осы сапада консулдық қызметтерді орындау тапсырылған кез келген адамды білдіреді;

е) "консулдық мекеме қызметкері" - консулдық мекемеде әкімшілік және техникалық міндеттерді орындайтын кез келген адамды, білдіреді;

ф) "қызмет көрсетуші персонал қызметшісі" - консулдық мекемеге қызмет көрсету жөніндегі міндеттерді орындайтын кез келген адамды білдіреді;

г) "консулдық мекеменің қызметкері" - консулдық лауазымды адамды, консулдық мекеме қызметкерін және қызмет көрсетуші персоналдың қызметшісін білдіреді;

h) "жеке үй қызметшісі" - консулдық мекеме қызметкерінің жеке үй қызметінде ғана тұрған адамды білдіреді;

і) "отбасы мүшесі" - консулдық мекеме қызметкерінің жұбайын (зайыбын), балаларын және, егер олар онымен бірге тұрып жатса және оның асырауында болса, оның ата-аналарын білдіреді;

j) "консулдық үй-жайлар" - консулдық мекеме басшысының резиденциясын қоса алғанда, консулдық мекеменің мақсаттары үшін ғана пайдаланылатын ғимаратты немесе ғимараттың бір бөлігін және меншік құқығы кімге тиесілі екеніне қарамастан осы ғимаратқа немесе ғимараттың бір бөлігіне қызмет көрсететін жер учаскесін білдіреді;

к) "консулдық мұрағаттар" - барлық қағаздарды, құжаттарды, хат-хабарларды, кітаптарды, фильмдерді, үн жазба таспаларын және шифрлар мен кодтарды, картотекаларды және олардың бұзылмауы мен сақталуын қамтамасыз етуге лайықталған жабдықтардың кез келгенін қоса алғанда, консулдық мекеменің тізілімдерін білдіреді;

l) "кеме" - өкілдігін берген мемлекеттің жалауын көтеруге құқығы бар және осы мемлекетте тіркелген кез келген азаматтық жүзу құралын білдіреді;

м) "әуе кемесі" - өкілдігін берген мемлекетке тиесілілігін тану белгілерін пайдалану құқығы берілген және осы мемлекетте тіркелген кез келген азаматтық ұшу аппаратын білдіреді.

2. Осы Конвенцияның өкілдігін берген мемлекеттің азаматтарына қатысты ережелері, сондай-ақ заңды тұлғаларға және заңды тұлға болып табылмайтын, алайда өкілдігін берген мемлекеттің заңдары мен ережелеріне сәйкес құрылған және осы мемлекетте тұрғылықты орны бар өзге де субъектілерге қатысты тиісінше қолданылады.

**Консулдық мекемелердің ашылуы және консулдық мекемелер қызметкерлерін тағайындау****2-бап**

1. Консулдық мекеме консулдық орналасқан мемлекеттің аумағында осы мемлекеттің келісімімен ғана ашылуы мүмкін.

2. Консулдық мекеменің орналасатын жерін, оның класын және консулдық округін өкілдігін берген мемлекет анықтайды және мұны консулдық орналасқан мемлекет м а қ ұ л д а у ы т и і с .

3. Консулдық мекеменің орналасқан жерінің, оның класының немесе консулдық округтің одан әрі қарайғы өзгерістері консулдық орналасқан мемлекеттің келісімімен ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

**3-бап**

1. Консулдық мекеменің басшысы консулдық патентті тапсырғаннан кейін және консулдық орналасқан мемлекеттің экзекватурасын алғаннан кейін өз міндеттерін о р ы н д а у ғ а к і р і с е д і .

2. Өкілдігін берген мемлекет өзінің дипломатиялық арналары арқылы немесе басқа жолмен консулдық орналасқан мемлекеттің Сыртқы істер министрлігіне патентті жолдайды. Консулдық патенттің мазмұнында консулдық мекеме басшысының толық аты мен тегі, азаматтығы, оның дәрежесі, ол өз міндеттерін атқаратын консулдық округ , сондай-ақ консулдық мекеменің орналасқан жері жазылады.

3. Патентті алған соң консулдық орналасқан мемлекет оған барынша қысқа мерзім ішінде және ақысыз экзекватура береді.

4. Консулдық орналасқан мемлекет экзекватура бергенге дейін консулдық мекеме басшысына оның өз міндеттерін уақытша орындауына келісімін беруі мүмкін.

5. Міндеттерді уақытша болса да орындауға келісім берген сәттен бастап, консулдық орналасқан мемлекеттің өкімет орындары консулдық мекеме басшысының өз міндеттерін орындай алуы үшін қажетті шараларды қабылдайды.

**4-бап**

1. Консулдық орналасқан мемлекеттің Сыртқы істер министрлігіне жазбаша түрде:

а) консулдық мекеме қызметкерлерінің тағайындалулары, тағайындалғаннан кейін олардың консулдық мекемеге келулері туралы, олардың түпкілікті кетулері немесе олардың қызметін тоқтатқаны туралы және олардың консулдық мекемедегі жұмысы кезінде болуы мүмкін, олардың мәртебесіне ықпал ететін барлық басқа да өзгерістер т у р а л ы ;

б) консулдық мекеме қызметкерінің отбасы мүшесінің келуі немесе түпкілікті кетуі туралы, сондай-ақ тиісті жағдайларда, сол немесе өзге адам отбасының осындай мүшесі болатыны немесе болмайтыны туралы;

с) жеке үй қызметшілерінің келуі және түпкілікті кетуі туралы және, тиісті

жағдайларда, олардың осы сападағы қызметінің тоқтатылуы туралы;

d) консулдық орналасқан мемлекетте консулдық мекеме қызметкерлері немесе жеке үй қызметшілері ретінде тұратын адамдарды жалдау және жұмыстан босату туралы х а б а р л а н а д ы .

2. Келу туралы немесе түпкілікті кету туралы хабарлама мүмкіндігінше алдын ала жасалуы тиіс.

### **5-бап**

1. Консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті органдары консулдық лауазымды адамның әрқайсысына оның жеке басы туралы мәліметтерді және қызметін растайтын тиісті құжатты ақысыз береді.

2. Осы баптың 1-тармағының ережесі консулдық мекеме қызметкерлеріне, қызмет көрсетуші персонал мүшелеріне және жеке үй қызметкерлеріне, бұл адамдар консулдық орналасқан мемлекеттің азаматтары болып табылмайтын, сондай-ақ осы мемлекетте тұрғылықты мекен-жайы болмаған жағдайда, қолданылады.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелері отбасы мүшелеріне тиісті түрде қолданылады.

### **6-бап**

Консулдық орналасқан мемлекетте тұрғылықты тұратын орны жоқ және бұл мемлекетте өзінің қызметтік міндеттерінен басқа жалақы үшін өзге қызметпен айналыспайтын өкілдігін берген мемлекеттің азаматы консулдық лауазымды адам бола алады.

### **7-бап**

Консулдық орналасқан мемлекет, өз шешіміне дәлелдер келтіру міндетінсіз, кез келген уақытта өкілдігін берген мемлекетке дипломатиялық арналар немесе өзге де тиісті жолмен консулдық мекеме басшысына берілген экзекватура немесе өзге рұқсат күшін жойғаны немесе сол немесе өзге консулдық лауазымды адамның немесе консулдық мекеменің басқа қызметкерінің қолайсыз болып табылатындығы туралы мәлімдей алады. Мұндай жағдайда өкілдігін берген мемлекет бұл адамды, егер ол өз міндеттерін атқаруға кірісіп кетсе, кері шақырып алуы тиіс. Егер өкілдігін берген мемлекет ақылға қонымды мерзім ішінде осы міндеттемелерді орындамаса, онда консулдық орналасқан мемлекет мұндай адамды консулдық мекеме қызметкері деп танудан бас тарта алады.

### **8-бап**

Өкілдігін берген мемлекет тиісті мемлекеттерге мәлімдегеннен кейін, бір мемлекетте ашылған консулдық мекемеге, екінші мемлекетте, егер осы мемлекеттердің қайсысының болса да тарапынан анық білдірілген қарсылық болмаса, консулдық міндеттерді орындауды тапсыра алады.

### **9-бап**

Өкілдігін берген мемлекеттің консулдық мекемесі консулдық орналасқан мемлекетке тиісті түрде мәлімдегеннен соң, егер консулдық орналасқан мемлекет қарсы болмаса, үшінші мемлекет атынан консулдық орналасқан мемлекетте консулдық міндеттерді орындай алады.

### **10-бап**

Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы екі жақты қатынастар шеңберінде құрметті консулдық лауазымды адамдарды, оларға қатысты Консулдық қатынастар туралы Вена конвенциясының 3-бөлімі ережелерін, сондай-ақ, бұл мүмкін болса, осы Конвенцияның ережелерін қолдана отырып, тағайындауы және қабылдауы мүмкін. Құрметті консулдық лауазымды адамдар - өкілдігін берген мемлекеттің, консулдық орналасқан мемлекеттің немесе үшінші мемлекеттің азаматтары болуы мүмкін.

**І І І**

**б ө л і м**

**Жеңілдіктер, артықшылықтар және иммунитеттер**

### **11-бап**

1. Консулдық орналасқан мемлекет консулдық мекемеге әртүрлі көмек көрсетеді және консулдық мекеме қызметкерлері өздерінің ресми міндеттерін орындауы және осы Конвенцияда көзделген құқықтарды, артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдалана алуы үшін қажетті шараларды қабылдайды. Консулдық орналасқан мемлекет консулдық мекеменің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша қажетті шараларды қабылдайды.

2. Консулдық орналасқан мемлекет консулдық лауазымды адамдарға және олардың отбасы мүшелеріне тиісінше құрметпен қарайды және олардың жеке басына бостандығы мен адамгершілік қадір-қасиетіне қиянат істеудің кез келген нысанын болдырмау жөнінде қажетті шараларды қабылдайды.

### **12-бап**

1. Егер консулдық мекеменің басшысы қандай да бір себеппен өзінің міндеттерін орындай алмаса немесе егер бұл қызмет орны уақытша бос болса, өкілдігін берген мемлекет уақытша басшыны тағайындай алады.

2. Консулдық мекеме басшысының міндеттерін атқарушының толық аты мен тегін консулдық орналасқан мемлекеттің Сыртқы істер министрлігіне немесе осы министрлік көрсеткен органға өкілдігін берген мемлекеттің дипломатиялық өкілдігі немесе, егер өкілдігін берген бұл мемлекеттің консулдық орналасқан мемлекетте мұндай өкілдігі болмаса - консулдық мекеменің басшысы немесе, егер оның мұны жасайтын мүмкіндігі болмаса - өкілдігін берген мемлекеттің кез келген құзыретті органы хабарлайды. Әдетте, мұндай хабар алдын ала жасалады. Консулдық орналасқан мемлекет өз келісімімен өкілдігін берген мемлекеттің консулдық орналасқан мемлекеттегі не дипломатиялық өкілі, не консулдық лауазымды адамы болып табылмайтын консулдық мекеменің уақытша басшысына рұқсат беруі мүмкін.

3. Өкілдігін берген мемлекеттің құзыретті органдары консулдық мекеменің

уақытша басшысына көмек көрсетеді және қорғайды. Консулдық мекемені уақытша басқарушы адамға, тиісті консулдық мекеме басшысына қолданылатындай негізде осы Конвенцияның ережелері қолданылады. Алайда, консулдық орналасқан мемлекет консулдық мекеменің уақытша басшысына, консулдық мекеменің уақытша басшысы талапқа сай емес жағдайларға байланысты консулдық мекеме басшысы пайдаланатын артықшылықтар мен иммунитеттерді беруге міндетті емес.

4. Егер осы баптың 1-тармағының ережелеріне сәйкес консулдық мекеменің уақытша басшысы болып өкілдігін берген мемлекеттің дипломатиялық өкілдігінің дипломатиялық персоналының мүшесі немесе Сыртқы істер министрлігінің қызметкері тағайындалса, ол консулдық орналасқан мемлекет бұған қарсы болмаған жағдайда, дипломатиялық артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдалана береді.

### **13-бап**

1. Өкілдігін берген мемлекет консулдық орналасқан мемлекеттің заңнамасына сәйкес өзара сыйластық принциптері негізінде:

а) ғимараттарды немесе ғимараттардың бір бөлігін консулдық мекеменің үй-жайы, консулдық мекеме басшысының резиденциясы және консулдық мекеменің өзге де қызметкерлерінің тұрғын үйлері ретінде пайдалану үшін жеке меншігіне сатып алуы немесе жалға алуы мүмкін;

б) пайдалануға қайтарымды негізде берілетін жер учаскелерінде ғимараттың құрылысын салуы немесе осы мақсатта оны соған бейімдеуі мүмкін;

с) жеке меншікті иелену құқығын үшінші тарапқа беруі мүмкін.

2. Консулдық орналасқан мемлекет, қажет болған жағдайда, консулдық мекемеге консулдық мекеме қызметкерлері үшін ыңғайлы тұрғын үйлерді алуға жәрдем көрсетеді.

3. Осы баптың 1-тармағының ережелері өкілдігін берген мемлекетті жоғарыда аталған учаскелер, ғимараттар, не ғимараттың бөліктері орналасқан немесе орналасатын ауданда қолданылатын құрылыс және қалалық жобалау жөніндегі, ескерткіштерді қорғау жөніндегі заңдар мен ережелерді сақтау қажеттігінен босатпайды.

### **14-бап**

1. Өкілдігін берген мемлекеттің елтаңбасы бейнеленген және өкілдігін берген мемлекет тілі мен консулдық орналасқан мемлекет тілінде консулдық мекеменің атауы жазылған консулдық тақта консулдық мекеме ғимаратына және консулдық мекеме басшысының резиденциясына бекітіліп қойылуы мүмкін.

2. Консулдық мекеме ғимаратына және консулдық мекеме басшысының резиденциясына өкілдігін берген мемлекеттің мемлекеттік жалауы ілініп қойылуы мүмкін.

3. Консулдық мекеменің басшысы көлік құралдарына, оларды қызмет бабында пайдаланған кезде, өкілдігін берген мемлекеттің жалаушасын іліп қоя алады.

## **15-бап**

1. Консулдық үй-жайларға қол сұғылмайды. Консулдық орналасқан мемлекеттің органдары өкілдігін берген мемлекеттің дипломатиялық өкілдігі басшысының, консулдық мекемесі басшысының, не олардың біреуі тағайындаған адамның келісімінсіз консулдық үй-жайларға кіре алмайды.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелері консулдық мекеме қызметкерлерінің тұрғын үйлеріне де қолданылады.

## **16-бап**

Консулдық үй-жайлар, олардың жабдықтары, консулдық мекеменің мүлкі мен оның көлік құралдары ұлттық қорғаныс, қоғамдық зәрулік не басқа да мақсаттарда қандай да бір нысанмен алынбауы тиіс.

## **17-бап**

1. Өкілдігін берген мемлекет немесе оның атынан іс-әрекет жасайтын кез келген адам иеленушісі немесе жалға алушысы болып табылатын консулдық үй-жайларға және консулдық мекеме қызметкерлерінің тұрғын үйлеріне, нақты қызмет көрсетулер түрлеріне ақы төлеуді қоспағанда, қандай да бір салықтар мен алымдар салынбайды немесе төленбейді.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелері консулдық орналасқан мемлекеттің заңнамасы бойынша салық салынатын, өкілдігін берген мемлекетпен немесе оның атынан іс-әрекет жасайтын адаммен шарт жасасқан адамдар төлейтін төлемдер мен салықтарға қолданылмайды.

3. Осы баптың 1-тармағының ережелері өкілдігін берген мемлекеттің меншігі болып табылатын және консулдық міндеттерді атқаруға арналған көлік құралдарына да қолданылады.

## **18-бап**

Консулдық мұрағаттарға қай уақытта болмасын және олардың қай жерде орналасқанына қарамастан қол сұғуға болмайды.

## **19-бап**

1. Консулдық орналасқан мемлекет, қызметтік мақсаттарда консулдық мекеме қарым-қатынастарының еркіндігіне рұқсат беруі және оны қорғауы тиіс. Консулдық мекеме өкілдігін берген мемлекеттің үкіметімен, дипломатиялық өкілдіктерімен және басқа да консулдық мекемелерімен, олардың қай жерде орналасқанына қарамастан, қарым-қатынас жасаған кезде, дипломатиялық және консулдық курьерлерді, дипломатиялық және консулдық визаларды, кодталған немесе шифрленген хабарламаларды қоса алғанда, барлық жарамды байланыс құралдарын пайдалана алады.

Консулдық мекеме қабылдау-тарату радиоаппаратурасын консулдық орналасқан мемлекеттің рұқсатымен ғана орнатады және пайдалана алады.

2. Консулдық мекеменің қызмет бабындағы хат-алмасуларына қол сұғылмайды. "

Қызмет бабындағы хат алмасулар" деген сөздер консулдық мекемеге және оның міндеттеріне байланысты кез келген хат алмасуларды білдіреді.

3. Консулдық поштаның, оның сипатын білдіретін нақты сыртқы белгілері болуға тиіс және оның ішінде тек қана қызмет бабындағы пайдалануға арналған құжаттар мен заттар сияқты, қызмет бабындағы хат алмасулар болуы тиіс.

4. Консулдық поштаны ашып қарауға немесе алып қалуға болмайды. Егер консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті органдарының поштада осы баптың 3-тармағында көрсетілген хат-хабар, құжаттар мен заттардан өзге заттар бар деп ойлауға орынды негіздері болса, онда олар өздерінің қатысуымен өкілдігін берген мемлекеттің уәкілетті өкілдерінің бұл поштаны ашуын талап ете алады. Егер өкілдігін берген мемлекеттің органдары бұл өтінішті орындаудан бас тартса, онда бұл пошта жіберілген о р н ы н а қ а й т а р ы л а д ы .

5. Өкілдігін берген мемлекеттің консулдық курьерлері консулдық орналасқан мемлекеттің аумағында дипломатиялық курьерлер пайдаланатыны сияқты тап сондай құқықтарды, артықшылықтарды және иммунитеттерді пайдаланады. Консулдық курьер оның мәртебесін растайтын және консулдық поштаны құрайтын орындар санын анықтайтын қызметтік құжатпен қамтамасыз етілуі тиіс. Өкілдігін берген мемлекеттің консулдық орналасқан мемлекетте тұрақты тұрмайтын азаматы ғана консулдық курьер б о л а а л а д ы .

6. Консулдық пошта кеме капитанына немесе әуе кемесінің командиріне тапсырылуы мүмкін. Аталған капитан немесе командир консулдық поштаны құрайтын орын санын анықтайтын қызметтік құжатпен қамтамасыз етіледі, әйтсе де ол консулдық курьер болып саналмайды. Консулдық лауазымды адам консулдық поштаны кедергісіз кеме капитанынан немесе әуе кемесі командирінен тікелей ала алады және мұндай поштаны осындай жолмен бере алады.

## **20-бап**

1. Консулдық лауазымды адам консулдық орналасқан мемлекеттің қылмыстық, азаматтық және әкімшілік құқықтық өкілеттігінен иммунитетті пайдаланады. Ол жеке басына тиіспеушілікті пайдаланады және ұсталмайды, не қамауға алынбайды, не қандай да бір өзге нысанда оның жеке басының бостандығы шектелмейді.

2. Консулдық мекемені қызметкері және қызмет көрсетуші персонаж қызметкері өздерінің қызметтік міндеттерін орындауға байланысты іс-әрекеттері үшін ғана консулдық орналасқан мемлекеттің қылмыстық, азаматтық және әкімшілік құқықтық өкілеттігінен иммунитетті пайдаланады.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелері:

а) өкілдігін берген мемлекеттің өкілі ретінде өзіне тікелей немесе жанама міндеттерді қабылдамаған консулдық мекеме қызметкерінің жасаған шартынан т у ы н д а й т ы н ;

б) консулдық мекеме қызметкерінің консулдық орналасқан мемлекетте кез келген

жол көлік құралынан болған қайғылы оқиға салдарынан келтірген залалы үшін  
қ о з ғ а л ғ а н ;

с) егер консулдық мекеме қызметкері консулдық мақсаттар үшін тіркеуші Мемлекеттің атынан иелік етпесе, консулдық орналасқан мемлекеттің аумағында орналасқан жекеменшік жылжымайтын мүлікке қатысты, сондай-ақ консулдық мекеме қызметкері жеке адам ретінде мұрагер, өсиетті орындаушы, мұрагерлік істерді басқарушы немесе жүргізуші рөлін атқарса, мұрагерлік істерге қатысты азаматтық талаптарға қолданылмайды.

4. Осы баптың 1-3-тармақтарының ережелері тиісінше отбасы мүшелеріне де қатысты.

### **21-бап**

1. Өкілдігін берген мемлекет осы Конвенцияның 20-бабының 1 және 2-тармақтарында көзделген артықшылықтар мен иммунитеттерден бас тарта алады. Мұндай бас тарту жазбаша нысанда анық білдірілуі тиіс.

2. Консулдық мекеме қызметкерінің осы Конвенцияның 20-бабына сәйкес құқықтық өкілеттіліктен иммунитетті пайдалана алатын жағдайда, сот ісін қозғауы, оны негізгі талапқа тікелей байланысты қандай да бір қарсы талапқа қатысты иммунитетке сілтеме жасау құқығынан айырады.

3. Азаматтық немесе әкімшілік іске қатысты құқықтық өкілеттілік иммунитетінен бас тарту, айрықша бас тарту талап етілетін атқарушылық іс-әрекеттері иммунитетінен бас тартуды білдірмейді.

### **22-бап**

1. Консулдық мекеме қызметкерлері сот немесе әкімшілік істер жүргізу кезінде куәгерлер ретінде шақыртылуы мүмкін. Консулдық мекеме қызметкері және қызмет көрсетуші персонал мүшесі осы баптың 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, консулдық орналасқан мемлекеттің соттары немесе өзге құзыретті органдары алдында куәгерлік жауап берулерден бас тарта алмайды. Егер консулдық лауазымды адам жауап беруден бас тартатын болса, онда оған ешқандай мәжбүрлеу немесе жазалау шаралары қолданыла алмайды.

2. Консулдық лауазымды адамның жауап беруі қажет болған орган бұл адамның өз міндеттерін атқаруына кедергі келтірмеуге тиіс. Ол бұлайша мүмкін ету болған жағдайда, бұл адамның жауап берулерін өз үйінде немесе консулдық мекемеде тыңдай алады немесе одан жазбаша жауаптар қабылдай алады.

3. Консулдық мекеменің қызметкерлері, өздерінің міндеттерін атқаруға байланысты мәселелер жөнінде жауап беруге немесе өздерінің міндеттеріне қатысты ресми хат-хабар мен құжаттарды беруге міндетті емес. Бұл ереже консулдық мекеменің қызметіне байланысты фактілерге қатысты, консулдық мекеме қызметкерінің отбасы

мүшелеріне және жеке үй қызметшілеріне де қолданылады.

4. Консулдық мекеменің қызметкерлері, сондай-ақ өкілдігін берген мемлекеттің заңнамасын түсіндіретіндей жауап беруге де міндетті емес.

### **23-бап**

Консулдық орналасқан мемлекет консулдық мекеме қызметкерлерін және олардың отбасы мүшелерін барлық еңбек және мемлекеттік міндеттіліктен, олардың сипатына байланыссыз, сондай-ақ реквизиция, контрибуция және әскери мекен-жай сияқты әскери міндеттіліктерден босатуға міндетті.

### **24-бап**

Консулдық мекеменің қызметкері мен оның отбасы мүшелері шетелдіктерден талап етілетін тіркеуге, тұруға және жұмысқа рұқсат алуға, сондай-ақ осыған ұқсас талаптарға қатысты консулдық орналасқан мемлекеттің заңдары мен ережелерінде көзделген барлық талаптарды орындаудан босатылады.

### **25-бап**

1. Консулдық мекеме қызметкері және оның отбасы мүшелері консулдық орналасқан мемлекетте жеке басына қатысты және мүліктік, мемлекеттік, аудандық және муниципалдық барлық салықтардан, алымдардан және баж салықтарынан босатылады, бұған мыналар жатпайды:

- a) әдетте тауар не қызмет көрсету бағасына қосылатын жанама салықтар;
- b) осы Конвенцияның 17-бабының ережелерін қоспағанда, консулдық орналасқан мемлекеттегі жеке жылжымайтын мүлікке салынатын салықтар мен алымдар;
- c) консулдық орналасқан мемлекет алатын мұраға арналған салықтар мен алымдар және меншік құқығын ауыстыруға арналған салықтар;
- d) консулдық орналасқан мемлекетке өз табыс көзі бар капиталдан түсетін кірістерді қоса алғанда, жекеменшік кірістерге салынатын салықтар мен алымдар, сондай-ақ консулдық орналасқан мемлекеттің коммерциялық және қаржылық кәсіпорындарына инвестицияланған капиталға салынатын салықтар;
- e) қызмет көрсетулердің нақты түрлері үшін алынатын алымдар;
- f) осы Конвенцияның 17-бабының ережелерін есептемегенде, тіркеу, соттық және тізілімдік баж салықтары, ипотекалық және елтаңбалық алымдар.

2. Қызмет көрсетуші персоналдың қызметкерлері өз жұмыстары үшін алатын еңбек жалақысына салынатын салықтардан, алымдардан және баж салықтарынан босатылады.

3. Консулдық орналасқан мемлекетте еңбек жалақысы немесе сыйақысы табыс салығынан босатылмаған адамдарды жалға алған консулдық мекеменің қызметкерлері табыс салығын алуға байланысты осы мемлекеттің заңдары мен ережелері жұмыс берушілерге жүктейтін міндеттерді орындауға міндетті.

### **26-бап**

1. Консулдық орналасқан мемлекет өзінде қабылданған заңдар мен ережелерге сәйкес тиеуге, тасымалдауға, сақтауға және түсіруге не өзге қызмет көрсетуге төлемді қоспағанда, мыналарды кеден баж салықтарынан және өзге төлемдерден босатады:

а) консулдық мекеменің ресми пайдалануына арналған заттар;

б) консулдық мекеме қызметкерлерінің не олардың отбасы мүшелерінің жеке пайдалануына арналған көлік құралдарын қоса алғанда, олардың орналасуына арналған заттарды қоса алғандағы заттар.

2. Консулдық лауазымды адамның, сондай-ақ оның отбасы мүшелерінің жеке жүгі, егер оның ішінде осы баптың 1-тармағының "b"-тармақшасында көрсетілгеннен өзге заттар немесе консулдық орналасқан мемлекеттің карантин туралы заңнамасы мен ережелеріне сай әкелуі мен әкетілуіне тыйым салынған заттар бар деп шамалауға орынды себептер болмаса, кедендік бақылаудан босатылады. Мұндай тексеріс консулдық лауазымды адамның немесе оның өкілетті өкілінің қатысуымен жүргізілуі мүмкін.

### **27-бап**

Қауіпсіздік ұғымына байланысты бару тыйым салынған не шектелген, аймақтарға қатысты өзінің заңдары мен ережелерін қоспағанда, консулдық орналасқан мемлекет консулдық мекеменің барлық қызметкерлеріне, сонымен бірге олардың отбасы мүшелеріне өз аумағы арқылы жүріп-тұру еркіндігін қамтамасыз етеді. Бұл жағдайда консулдық орналасқан мемлекет консулдық лауазымды адамға оның өз міндеттерін атқаруына ешқандай қиындықтар келтірмейді.

### **28-бап**

1. Осы Конвенциядағы 22-баптың 3 және 4-тармақшаларынан өзге көзделген артықшылықтар мен иммунитеттер, консулдық мекеменің қызметкерлері мен қызмет көрсетуші персоналдың қызметшілеріне, егер олар консулдық орналасқан мемлекеттің азаматтары болса немесе осы мемлекетке тұрақты түрде тұратын болса, оларға қолданылмайды.

2. Консулдық мекеменің қызметкерлері үшін осы Конвенцияда көзделген артықшылықтар мен иммунитеттер отбасы мүшелеріне, егер олар консулдық орналасқан мемлекеттің азаматтары болып табылмаса немесе осы мемлекетте тұрақты тұрмайтын болса және онда пайда табатын қызметпен шұғылданбайтын болса, оларға қолданылады.

3. 22-баптың 3-тармағының ережелерін қоспағанда, осы Конвенцияда белгіленген артықшылықтар мен иммунитеттерді жеке үй қызметшілері пайдалана алмайды.

### **29-бап**

Осы Конвенцияға сәйкес артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланатын барлық адамдар өздерінің артықшылықтары мен иммунитеттеріне зиян келтірместен

көлік қозғалысы мен автомобильді сақтандыруды реттейтін заңдар мен ережелерді қоса алғанда, консулдық орналасқан мемлекеттің заңдары мен ережелерін құрметтеуге міндетті.

## **I V**

## **б о л і м**

### **Консулдық міндеттер**

#### **30-бап**

1. Консулдық лауазымды адам өзінің консулдық округінің шеңберінде Конвенцияның осы бөлімінде аталған міндеттерін орындауға, сондай-ақ өзге ресми консулдық міндеттерді, егер де олар консулдық орналасқан мемлекеттің заңнамасына қайшы келмейтін болса, немесе оған осы мемлекет қарсы болмаса, орындауға құқылы.

2. Консулдық лауазымды адам консулдық орналасқан мемлекетке хабарлағаннан кейін кез келген халықаралық ұйымдар жанында өз мемлекетінің өкілі ретінде і с - қ и м ы л ж а с а й д ы .

3. Консулдық лауазымды адам өз міндетін орындауға байланысты өзінің консулдық округінің құзыретті органдарына, сондай-ақ консулдық орналасқан мемлекеттің орталық өкімет органдарының өкілдеріне жазбаша немесе ауызша өтініш жасауға қ ұ қ ы л ы .

4. Консулдық лауазымды адам өкілдігін берген мемлекеттің заңнамасына сәйкес консулдық алымдар мен төлемдерді өндіріп алуға құқылы, осы алымдар мен төлемдердің түсімі консулдық орналасқан мемлекеттің кез келген салықтарынан және алымдарынан босатылады.

#### **31-бап**

Консулдық лауазымды адам өкілдігін берген мемлекеттің және өз азаматтарының мүдделерін қорғауға құқылы.

#### **32-бап**

Консулдық лауазымды адам өкілдігін берген мемлекеттің және консулдық орналасқан мемлекеттің, олардың азаматтары арасындағы достық қарым-қатынастарды нығайтуға жәрдемдесуі тиіс, сондай-ақ экономикалық, сауда, мәдениет, ғылыми байланыстар мен туризмді дамытуға жәрдемдесуі тиіс.

#### **33-бап**

1. Консулдық лауазымды адам:

- а) өкілдігін берген мемлекет азаматтарын тіркеуді жүргізуге;
- б) өкілдігін берген мемлекет азаматтарының тууына немесе қайтыс болуына қатысты хабарлама мен құжаттарды қабылдауға;
- с) азаматтық алу мәселелері жөніндегі өтініштер қабылдауға құқылы.

2. Консулдық лауазымды адам, егер де мұны консулдық орналасқан мемлекеттің заңнамасы талап етсе, консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті органдарына осы баптың 1-тармағының а), б), с)-тармақшаларында аталған іс-қимылдардың орындалғаны туралы хабарлайды.



Мұндай депозит консулдық орналасқан мемлекеттен осы мемлекеттің заңдары мен өзге де ережелерін сақтаған жағдайда ғана сыртқа шығарылуы мүмкін;  
і) тауарлардың шығу тегіне қатысты құжаттар беруге құқылы.

### **36-бап**

Осы Конвенцияның 35-бабының ережелеріне сәйкес консулдық лауазымды адам жасаған, куәландырған немесе аударған құжаттар консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті органдары жасаған, куәландырған немесе аударған құжаттар сияқты, тап сондай заңдық маңызы және дәлелдік күші бар құжаттар ретінде танылады.

### **37-бап**

Консулдық лауазымды адам сот және сотқа жатпайтын құжаттарды тапсыруға, сондай-ақ айғақтарды алып тастауға құқылы. Осы құқық тек қана өкілдігін берген мемлекет азаматтарына қатысты және мәжбүрлемей қолданылуы мүмкін.

### **38-бап**

Консулдық лауазымды адам консулдық орналасқан мемлекеттің заңнамасы мен өзге де ережелерінің шеңберінде өкілдігін берген мемлекеттің азаматтары болып табылатын, толық құқықтық іс-әрекетке қабілеттілігі жоқ, кәмелетке толмаған және өзге де адамдардың, атап айтқанда осындай адамдарға қамқорлық немесе қорғаншылық орнату талап етілсе, мүдделерін қорғауға құқылы.

### **39-бап**

Консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті органдары консулдық лауазымды адамға өкілдігін берген мемлекет азаматының қайтыс болғаны туралы тез арада хабарлайды және қайтыс болғаны туралы куәлік көшірмесін оған тегін береді.

### **40-бап**

1. Консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті органдары өкілдігін берген мемлекет азаматына мұра ашылғаны туралы, сондай-ақ қайтыс болған немесе қаза болған адамның азаматтығына қарамастан, егер өкілдігін берген мемлекет азаматы мұраға немесе оны алудан бас тарту құқығы бар мұрагер ретінде анықталса, мұраның ашылғаны туралы консулдық лауазым адамына тез арада хабарлайды.

2. Консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті органдары мұраны сақтауды қамтамасыз ету үшін осы мемлекеттің заңдары мен өзге де ережелерінде көзделген тиісті шараларды қабылдайды және мұраға, мұраға құқығы бар адамдардың тұрғылықты орнына қатысты және әлеуметтік сақтандырудан, айлық табысынан және өзге де сақтандыру полистерінен туындайтын сомаларды қоса алғанда, әлгі мұраның құны мен құрамдас элементтеріне қатысты кез келген қолда бар ақпаратты консулдық лауазымды адамға береді. Олар сондай-ақ өсиетті қарау жұмыстарының басталу мерзімі туралы не оның қаралу деңгейі туралы да хабарлайды.

3. Консулдық лауазымды адам өкілеттігін қолданбай-ақ тікелей немесе жанама түрде өзінің өкілі арқылы консулдық орналасқан мемлекеттің сот және өзге құзыретті органдарында өкілдігін берген мемлекет азаматының, ол консулдық орналасқан

мемлекетте мұрагер немесе оны алудан бас тартқан адам болса, егер мұндай азаматтың өзі жоқ болса немесе өзінің өкілін тағайындамаса, оның атынан шығуға құқылы.

#### 4. Консулдық лауазымды адам:

а) мұраны сақтауды қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолдануға, мөрді басуға және оны алып тастауға, өзінің осы іс-шараларға тікелей қатысатыны сияқты қамқоршыны немесе қорғаншыны тағайындауға;

б) мұраның құрамына кіретін мүлікті сатуға, оған қатысу үшін оны сатудың мерзімі туралы хабарлама алуға құқылы.

5. Консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті органдары мұрагерлік немесе өзге қызметтік іс-қимыл жөніндегі жұмысын бітірер кезде бұл туралы консулдық лауазымды адамға кідіріссіз хабарлайды және қарыздарды, төлемдерді және салықтарды реттегеннен кейін үш айдың ішінде оған өкілі ретінде адамдардың мұрасын не мұраның үлесін табыс етеді.

6. Консулдық лауазымды адам консулдық орналасқан мемлекетте тұрақты мекені жоқ, өкілдігін берген мемлекет азаматына тиесілі мұраның үлесін және өсиетін уәкілетті адамға тапсыру үшін оларды алуға құқылы, сондай-ақ өтемақыны, зейнетақыны, мерзімі өтіп кеткен еңбек жалақысын және сақтандыру полисін алуға құқығы бар адамдарға тиесілі сомаларды алуға құқылы.

7. Осы баптың 5 және 6 ережелеріне сәйкес өкілдігін берген мемлекетке мүлікті және ақша сомаларын тапсыру консулдық орналасқан мемлекеттің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылуы мүмкін.

### **41-бап**

1. Консулдық орналасқан мемлекетте тұрақты тұрмайтын өкілдігін берген мемлекеттің азаматы консулдық орналасқан мемлекетте жүрген уақытында қайтыс болса, оған тиесілі қалған мүлкін консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті органдары қорғайды, содан кейін өкілдігін берген мемлекеттің консулдық лауазымды адамына арнайы сот ісін жүргізусіз береді. Консулдық лауазымды адам қайтыс болған азаматтың, оның консулдық орналасқан мемлекетте болған кезіндегі жасаған қарызын қалған мүлкінің құны шегінде төлейді.

2. Осы баптың 1-тармағында белгіленген мүлікке тиісті түрде осы Конвенцияның 40-бабының 7-тармағының ережесі қолданылады.

### **42-бап**

Өкілдігін берген мемлекет азаматтарының, егер де олардың болмауынан немесе басқа да себепті жағдайлармен өз құқықтары мен мүдделерін уақытылы қорғауға мүмкіндігі болмаса, онда консулдық лауазымды адам олардың атынан консулдық орналасқан мемлекеттің сот және басқа құзыретті өкімет орындары алдында шығуға құқылы. Мұндай өкілдік атынан шыққан адамдар өздерінің уәкілдерін тағайындаған уақытқа дейін немесе өз құқықтары мен мүдделерін қорғауды өздеріне алғанға дейін жалғасады.

#### **43-бап**

1. Консулдық лауазымды адам өкілдігінің берген мемлекеттің кез келген азаматымен кездесуге және қарым-қатынас жасауға, оған ақыл-кеңес беруге және құқықтық көмек көрсету үшін шаралар қолдануды қоса алғанда, жан-жақты жәрдем көрсетуге құқылы. Консулдық орналасқан мемлекет ешқандай түрде өкілдігін берген мемлекет азаматының консулдық лауазымды адаммен қарым-қатынас жасауына және оның консулдық мекемеге келуіне шек қоймайды.

2. Консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті органдары консулдық лауазымды адамға үш күннен кешіктірместен өкілдігін берген мемлекеттің азаматын қамауға алу, ұстау немесе еркіндігінен өзге нысанда айыру туралы дереу хабарлайды.

3. Консулдық лауазымды адам хабарлама алысымен тез арада 4 күннен қалдырмай қамауға алынған немесе басқа нысанда ұсталған немесе түрмедегі мерзімін өтеп жатқан өкілдігін берген мемлекет азаматымен кездесуге және қарым-қатынас жасауға құқылы. Осы тармақтағы аталған құқық, өкілдігін берген мемлекеттің заңдары мен ережелеріне сәйкес, егер де осы заңдар мен ережелер осы бапқа сәйкес берілетін құқық мақсатын толық жүзеге асыруға көмектесуі тиіс болатындай жағдайда жүзеге асырылады.

4. Консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті органдары өкілдігін берген мемлекеттің консулдық лауазымды адамына өкілдігін берген мемлекет азаматының бақытсыз оқиғалардың және өзге төтенше жағдайлардың құрбаны болғандығы жайлы кідіріссіз хабарлайды.

#### **44-бап**

1. Консулдық лауазымды адам өкілдігін берген мемлекеттің кемесіне, оның экипажы мен жолаушыларына консулдық орналасқан мемлекеттің айлағында, аумағында немесе ішкі суларында жан-жақты қолдау және көмек көрсетуге құқылы.

2. Консулдық лауазымды адам кемеге жағамен еркін қарым-қатынас жасауға рұқсат берілген соң кеме бортына көтеріле алады, ал кемеңің капитаны, басқа да экипаж мүшелері және жолаушылары консулдық лауазымды адаммен қарым-қатынас жасай алады.

3. Консулдық лауазымды адам өкілдігін берген мемлекеттің кемесі мен оның экипажына қатысты бақылау және инспекциялау құқығын пайдалануы мүмкін. Осы мақсатпен ол кемеге келе алады, осы кеме капитанын және экипаждың басқа да мүшелерін қабылдай алады.

4. Консулдық лауазымды адам өкілдігін берген мемлекет кемесіне, оның капитанына, экипаждың басқа да мүшелеріне және осы кемеңің жолаушыларына қатысты өзінің міндеттерін орындау үшін кез келген мәселе жөнінде консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті өкімет орындарына көмек көрсету туралы өтініш жасауға құқылы.

#### **45-бап**

1. Консулдық лауазымды адам өкілдігін берген мемлекеттің кемесіне қатысты мыналарды жүзеге асыруға:

а) консулдық орналасқан мемлекеттің өкімет орындарының құқығына зиян келтірместен кемеңіздің жолда және айлақта тұрған кезінде орын алған кез келген оқиғаларды тексеруге, осындай оқиғаға байланысты кеме капитанынан және экипаждың басқа да мүшелерінен жауап алуға, кеме құжаттарын тексеруге, кемеңіздің жүзуіне, оның жүгі мен тағайындалған орнына қатысты өтініштер алуға, сондай-ақ кемеңіздің келуіне, кетуіне және оның айлақта болуына байланысты көмек көрсетуге;

б) жалдау мен еңбек ақысы туралы шартқа қатысты дауларды қоса алғанда капитан мен экипаждың басқа да мүшелері арасындағы кез келген дауларды шешуге;

с) кеме капитанының және экипаждың басқа да мүшелерінің ауруханада емделуі және олардың өкілдігін берген мемлекетке қайтуы жөнінде шара қолдануға;

д) өкілдігін берген мемлекеттің заңнамасында көзделген кемеге қатысты декларацияларды немесе өзге де құжаттарды жасауға, қабылдауға, тіркеуге немесе к у ә л а н д ы р у ғ а ;

е) теңіз қатынасы мәселесі бойынша өкілдігін берген мемлекеттің заңнамасында көзделген кез келген өзге де іс-әрекеттерді, егер де олар консулдық орналасқан мемлекеттің заңдары мен өзге ережелеріне қайшы келмейтін болса, жасауға құқылы.

#### **46-бап**

1. Консулдық орналасқан мемлекеттің соттары және өзге де құзыретті органдары өкілдігін берген мемлекеттің кемесінің бортында жасалған қылмысқа қатысты өздерінің құқықтық өкілеттігін жүргізе алмайды, бұған мыналар жатпайды:

а) қылмыс өкілдігін берген мемлекеттің азаматымен немесе азаматына қарсы немесе кеме экипажының мүшесі болып табылмайтын қандай да бір өзге адаммен немесе өзге адамға қарсы жасалса;

б) қылмыс консулдық орналасқан мемлекеттің қоғамдық тәртібін, айлақтың, аумақтық немесе ішкі сулардың қауіпсіздігін бұзатын болса;

с) қылмыс санитарлық талапқа, теңіздегі тіршіліктің қауіпсіздігіне, иммиграцияға, кедендік ережеге, теңіздің ластануына немесе есірткі мен қаруды жасырын тасымалдауға қатысты консулдық орналасқан мемлекеттің заңдары мен өзге де ережелерін бұзатын болса;

д) қылмыс консулдық орналасқан мемлекеттің заңнамасына сәйкес бас бостандығын бес жылдан кем емес мерзімге айырған немесе одан да ауырлау жазаға тартылған жағдайда.

2. Өзге жағдайларда жоғарыда аталған органдар консулдық лауазымды адамның өтініші бойынша немесе рұқсатымен іс-қимыл жасауы мүмкін.

#### **47-бап**

1. Егер консулдық орналасқан мемлекеттің соттары немесе басқа да құзыретті органдары өкілдігін берген мемлекеттің кемесіне қатысты мәжбүрлеудің, мүлкіне

тыйым салудың қандай да бір шараларын қолдануға немесе оның бортында қандай да бір тергеу жүргізуді бастауға ниет білдірсе, онда мұндай органдар бұл туралы консулдық лауазымды адамға, оның өзінің немесе оның өкілінің осындай іс-қимылды жүзеге асыру кезінде қатысуға мүмкіндігі болу үшін, алдын ала хабарлайды. Егер де консулдық лауазымды адамға алдын ала хабарлауға мүмкіндік болмаса, онда консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті органдары мұны шұғыл түрде, бірақ аталған іс-қимылды жүргізу басталуы тиіс уақыттан кешіктірместен жүзеге асырады. Егер консулдық лауазымды адам осындай іс-қимылға қандай да бір себеппен қатыса алмаса, онда консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті органдары оның өтініші бойынша оған орын алған жағдайға қатысты толық ақпарат береді. Консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті органдарын консулдық лауазымды адамға ұсталған немесе қамауға алынған адаммен кездесуін және онымен байланыс жасауын, сондай-ақ осы адамның мүддесін қорғау мақсатында тиісті шараларды қабылдауын жеңілдетеді.

2. Осы баптың 1-тармағының ережесі кеме капитанынан немесе экипаждың басқа да мүшелерінен консулдық орналасқан мемлекеттің өкімет орындары жағалауда жауап алуы тиісті болған жағдайда да қолданылады.

3. Осы баптың ережесі алайда, әдеттегі шекаралық, кедендік және санитарлық бақылауға, сондай-ақ кеме капитанының өтініші немесе келісімі бойынша қолға алынған кез келген іс-қимылдарға қолданылмайды.

#### **48-бап**

Егер де консулдық орналасқан мемлекеттің азаматы болып табылмайтын экипаж мүшесі капитанның рұқсатынсыз өкілдігін берген мемлекеттің кемесін тастап кетсе, онда консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті органдары консулдық лауазымды адамның өтініші бойынша осындай адамды іздестіруге көмек береді.

#### **49-бап**

1. Егер де өкілдігін берген мемлекеттің кемесі кеме апатына ұшыраса, қайраңға тұрып қалса немесе жағалауға шығып қалса немесе қандай да бір басқа апатқа ұшыраса немесе апатқа ұшыраған кеме жүгінің бір бөлігін құрайтын кез келген зат консулдық орналасқан мемлекеттің жағалауынан немесе жағалауға жақын жерден табылса немесе осы мемлекеттің портына жеткізілсе, онда консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті органдары бұл туралы мүмкіндігінше жедел түрде консулдық лауазымды адамға хабарлайды.

2. Осы баптың 1-тармағында аталған жағдайларда, консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті органдары кеме мені құтқаруды және күзетуді, кемедегі жолаушыларды, экипажды, кеме жабдықтарын, жүкті, кемедегі запастарды және өзге де заттарды құтқаруды ұйымдастыру жөніндегі барлық қажетті шараларды қабылдайды. Бұған кемеден тыс қалған, бірақ кеме менің бір бөлігі немесе оның жүгі болып табылатын заттар да жатады. Консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті органдары кез келген қабылданған шаралар туралы қысқа мерзімде консулдық лауазымды адамға

х а б а р л а й д ы .

3. Консулдық лауазымды адам апатқа ұшыраған кемеге, оның экипаж мүшелеріне және жолаушыларына жан-жақты көмек көрсете алады. Осы мақсатта ол консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті органдарына көмек туралы өтініш жасауы мүмкін.

Консулдық лауазымды адам осы баптың 2-тармағында аталған шараларды, сондай-ақ кемені жөндеу жөніндегі шараларды қолдануы мүмкін немесе консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті органына осындай шараларды қолдануға немесе қолданған шараларды жалғастыруға өтініш жасауы мүмкін.

4. Егер де өкілдігін берген мемлекеттің апатқа ұшыраған кемесі немесе осы кемеге тиесілі кез келген зат, консулдық орналасқан мемлекеттің жағалауынан немесе жағалауға жақын жерден табылса немесе осы мемлекеттің портына жеткізілсе және не кеме капитаны, не оның иесі, не оның агенті, не тиісті сақтандырушы осы кемені немесе затты сақтау немесе иелік ету жөнінде шара қолдануға мүмкіншілігі болмаса, онда консулдық лауазымды адам кеменің иесі атынан осындай мақсатта кеме иесі қабылдауы мүмкін шараларды қабылдауға уәкілетті.

Осы тармақтың ережесі осы кеме жүгінің бір бөлігін құрайтын кез келген затқа тиісінше қолданылады.

5. Егер де өкілдігін берген мемлекеттің немесе үшінші мемлекеттің апатқа ұшыраған кеме жүгінің бір бөлігін құрайтын кез келген зат өкілдігін берген мемлекет азаматының меншігі болып табылса және консулдық орналасқан мемлекеттің жағалауынан немесе жағалауға жақын жерден табылса немесе осы мемлекеттің портына жеткізілсе және не капитан, не оның иесі, не оның агенті, не тиісті сақтандырушы осы затты сақтау немесе иелік ету жөнінде шара қабылдауға мүмкіндігі болмаса, онда консулдық лауазымды адам кеменің иесі атынан осындай мақсатта кеме иесінің өзі қабылдауы мүмкін шараларды қабылдауға уәкілетті.

#### **50-бап**

Осы Конвенцияның 44-49-баптарының ережелері, Уағдаласушы Тараптардың арасындағы қолданыстағы азаматтық авиация саласындағы екі жақты немесе көп жақты келісімдердің ережелеріне қайшы келмейтін жағдайда, тиісінше әуе кемелеріне де қолданылады.

#### **51-бап**

1. Осы Конвенцияның ережелері дипломатиялық өкілдіктің консулдық міндеттерді орындаған жағдайында да түпнұсқадан туындайтыны сияқты деңгейде қолданылады.

2. Консулдық бөлімге тағайындалған немесе өзгеше түрде өкілдіктің консулдық міндеттерін орындау тапсырылған дипломатиялық өкілдік қызметкерлерінің аты-жөні консулдық орналасқан мемлекеттің Сыртқы істер министрлігіне немесе осы министрлік атаған органға хабарланады.

3. Дипломатиялық өкілдік консулдық міндеттерді орындау кезінде:

а) консулдық округтің жергілікті өкімет орындарына;

б) консулдық орналасқан мемлекеттің орталық өкімет орындарына өтініш жасай а л а д ы .

4. Дипломатиялық өкілдік қызметкерлерінің осы баптың 2-тармағында айтылған артықшылықтары мен иммунитеттерін дипломатиялық қарым-қатынастарға қатысты халықаралық құқықтық нормалармен реттеу жалғастырылады.

## **V б ө л і м**

### **Қорытынды ережелер**

#### **52-бап**

1. Осы Конвенция бекітілуге жатады және бекіту грамоталарымен алмасқаннан кейін отызыншы күні күшіне енеді, бұл \_\_\_\_\_ жасалды.

2. Осы Конвенция белгіленбеген мерзімге жасалды және алдағы уақытта Уағдаласушы Тараптардың бірі екінші Уағдаласушы Тарапқа осы Конвенцияның қолданысын өзінің тоқтататын ниеті туралы жазбаша нысанда хабарлаған күннен бастап алты ай өткенге дейін күшінде болады.

Осыны куәландыру ретінде Уағдаласушы Тараптардың уәкілетті өкілдері осы Конвенцияға қол қойды және оны мөрлерімен бекітті.

Варшава қаласында 1997 жылғы 27 қарашада әрқайсысы қазақ және поляк тілдерінде екі дана болып жасалды және де екі мәтіннің күші бірдей.

**Қ А З А Қ С Т А Н**  
**РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ**  
**АТЫНАН**

**П О Л Я К**  
**РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ**  
**АТЫНАН**